Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

8 қараша 2021 жыл №7527-21-00-2/8741 Алматы қаласы

Алматы каласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Д.Ж.Адайбаев, сот отырысың хатшысы Г.Ғ.Ғани, сот ғимаратында ашық сот отырысында азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР: «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» Республикалық мемлекеттік мекемесі
ЖАУАПКЕР: «BELES» - Садыкбеков Маулен Жарылкасимович жеке кәсіпкері

ҚОЙЫЛҒАН ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

2. 1 644 теңге айыппұл өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талапкердің өкілі Сеитбекова Г.Д.
Жауапкер Садыбеков М.Ж.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

2 тамыз 2021 жылы тараптар арасында 54 800 теңге құрайтын электроутюг сатып алу туралы шарт жасалды (әрі қарай – Шарт), орындау мерзімі – 18 тамыз 2021 жылы.

Талапкер арызында жауапкер өз міндетін орындамағаның көрсетіп, арызды қанағаттандыруды сұрады.

Талапкердің өкілі Сеитбекова Г.Д. арызды қанағаттандыруды сұрады, жауапкер Садыбеков М.Ж. – келісті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талабы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (АК) 272 бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Алайда, жауапкер өз міндетін орындамаған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы

Документ подписан: Адайбаев Д. Ж., 15.11.2021
Дата вступления в законную силу: 20.12.2021, судья Адайбаев Д. Ж., 14.01.2022
7527-21-3-1/11586

шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесі сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Демек, сот №1 талабы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

№2 талабы

АҚ-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған ретте, атап айтқанда, орындай мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасын айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Айыппұл есебін талапкер шартты басшылыққа ала отырып санаған.

Сот №2 талабы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117 бабының 1 бөліміне сәйкес, жауапкерден мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің талап арызы қанағаттандырылсын.

BELES» - Садыкбеков Маулен Жарылкасимович жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

BELES» - Садыкбеков Маулен Жарылкасимович жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 644 (бір мың алты жүз қырық төрт) теңге айыппұл, 1 508 (бір мың бес жүз сегіз) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтініш хаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы қалалық сотының азаматтық істер бойынша апелляциялық сот алқасына Алматы қалалық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беруі мүмкін.

Судья Д. Адайбаев

Документ подписан: Адайбаев Д. Ж., 15.11.2021

Дата вступления в законную силу: 20.12.2021, судья Адайбаев Д. Ж., 14.01.2022

7527-21-3-1/11586